

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

---


Мусахаджаева А.К.

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН  
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**




Нұр-Сұлтан 2020

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН          ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолданумен оқу процесін ұйымдастыру	4
3	Білім алушыларды қабылдау	5
4	Білім алушылардың білімін бақылау	6
5	Қорытынды ережелер	6




 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН          ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолданумен оқу процесін ұйымдастыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру негізінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдануды реттейді.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген қашықтықтан білім беру технологияларын қолданумен оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 8 шешімімен бекітілген Академиялық саясатына.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3 бет


1.3 Қашықтықтан оқытудың (ҚО) мақсаты – заманауи байланыс құралдары мен технологияларды қолдану негізінде сапалы шығармашылық білім алу мүмкіндіктерін кеңейту.

1.4 ҚО негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың контингентін ұлғайту, білім алушылардың Қазақстан шеңберінде, сонымен қатар, шетелде тұратын жерлерін көбірек қамту;
- Оқытушылық қызметке қомақты ғылыми білім қоры және/немесе ерекше кәсіби тәжірибесі бар жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту;
- Университеттің педагогикалық мамандарының шығармашылық, ғылыми және әдістемелік әлеуетін неғұрлым толығымен пайдалану;
- Университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасы мен мүмкіндіктерін арттыру;
- Білім алушылардың материалды игеруін арттыру үшін білім берудің жаңа технологияларын қолдану.

1.5 ҚБТ келесілерді оқытуда қолданылады:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша;
- білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар, оның ішінде, мүгедек-балаларды, бала кезінен мүгедек, I және II топтағы мүгедек тұлғаларды;
- денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру ұйымына ұдайы баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларды;
- жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша мемлекеттен тыс жерге шыққан, «Болашақ» стипендиясының иегерлерінен басқа;
- жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, аралас оқытуды қоса білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды;
- жоғары білім деңгейінде ұзақ мерзімдік (2 айдан астам) шетелдік іс-сапарда болатын;
- академиялық ұтқырлық бағдарламалары шеңберінде жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды;
- отбасылық жағдайы бойынша Қазақстанда және/немесе мемлекеттен тыс жерде болатын, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы шетел азаматтарын;
- жоғары білім деңгейінде мерзімді әскери қызметке шақырылған;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

- техникалық және кәсіптік білім алумен қоса жұмыс істейтін кәмететке толған тұлғаларды (білім жұмыс бейініне сәйкес болуы шарт);
- білім беру саласындағы өкілетті органның ұсынысы негізінде тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы жағдайда қосымша білім, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды.

1.6 ҚО ұйымдастыруды, оны әдістемелік қамтамасыз етуді Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМЖҚ) іске асырады.

1.7 ҚО техникалық қолдауды Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Орталығы (АҚТО) қамтамасыз етеді.

## **2 ҚБТ ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

2.1 ҚБТ қолданумен оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары күндізгі оқудың үлгілік нысанына тән ұстанымдарға және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 8 шешімімен бекітілген Академиялық саясатына сәйкес келеді.


2.2 ҚБТ іске асыру үшін Университетте әр түрлі технологиялар қолданылады:

- Желілік – оқытуды интернет (ғаламтор) арқылы ұйымдастыру;
- Кейстік – түрлі тасымалдаушыларда оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерді) құрастыру және өздігінше оқып, үйренуі үшін білім алушыларға жіберу;
- Аралас – шағын топтарда сабаққа қатысумен оқу процесін дәстүрлі ұйымдастыруды онлайн оқытумен үйлестіру.

2.3 Platonus ААЖ платформасында тіркелгеннен кейін әрбір білім алушыға жеке аккаунт құрылады, логин және пароль (күпиясөз) беріледі. Platonus ААЖ арқылы білім алушы оқып, үйренетін пәндер бойынша барлық әдістемелік материалдармен танысады, ағымдағы бағаларын қадағалайды, орындаған жұмыстарын тапсырады, сондай-ақ, чаттағы, форумдағы әңгімеге қатысып, ақпаратпен бөлісе алады.

2.4 Оқу-әдістемелік материалдар білім алушыларға электрондық немесе басып шығарылған түрде беріледі. Олар білім алушыларға Университетте берілуі мүмкін, Platonus ААЖ платформасында қол жетімді, сондай-ақ, оқытушылар интернет (ғаламтор) желісі немесе пошта арқылы жіберуі мүмкін.



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

2.5 Егер білім беру саласындағы қызмет жөніндегі шартта басқаша көрсетілмеген болса, оқу-әдістемелік материалдар білім алушыларға ақысыз беріледі. Материалдардың таралымын көбейтуге немесе үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға беруге болмайды.

2.6 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолданумен оқу процесін ұйымдастыру онлайн немесе офлайн режимінде өткізіледі.

2.6.1 Онлайн режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының өзара іс-қимылының нақты уақыт режимінде, яғни, синхронды (ілеспе) өтуін қарастырады. Тілдесу бейнеконференциялар (ZOOM, WhatsApp, Webex және басқа платформалар), компьютердегі немесе ұялы телефондағы интернет (ғаламтор) желісі арқылы хабарлама алмасу, Platonus ААЖ платформасы арқылы, оның ішкі тілдесу қызметтері, чаттары мен форумдары арқылы өтеді.

2.6.2 Офлайн режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының бейсинхронды (ілеспе емес) тілдесуін қарастырады, яғни, білім алушыға ұстазбен байланысқа және материал мен тапсырманы түсіндіруді алуға оған ыңғайлы уақытта шығуына мүмкіндік беріледі. Ақпаратпен алмасу келесілер арқылы іске асырылады:

- Platonus ААЖ платформасы арқылы;
- Мәтіндік, фото және бейнеақпаратпен алмасу үшін Google.com, Mail.ru және басқа серверлердегі электрондық поштаны пайдаланумен;
- YouTube арнасын, WhatsApp және басқа қосымшаларды пайдаланумен.


2.7 ҚБТ қолданумен білім алушылар үшін кәсіби тәжірибе дәстүрлі, қашықтықтан немесе біріктірілген түрде өткізіледі.

### **3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ**

3.1 ҚБТ қолданумен оқытуға құжаттар қабылдау және талапкерлерді оқуға тіркеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

3.2 Талапкер Университет ректорының атына қашықтықтан оқыту нысанында оқу қажеттігі жөнінде негіздемесімен өтініш береді, растайтын құжаттармен қоса:

- Алдыңғы білімі – жалпы орта, бастауыш кәсіби (техникалық және кәсіптік), орта кәсіби (ортадан кейінгі), жоғары кәсіби білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және оған қосымшалар;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

- Дене мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсыныстары;
- Алмасу немесе академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу туралы анықтамалар;
- Білім алушының немесе оның отбасы мүшелерінің ұзақ уақыт бойы іссапарда болуы туралы анықтамалар;
- Мамандығы бойынша жұмыс істейтін тұлғалар үшін жұмыс орнынан анықтамалар.

3.3 Талапкерлерді қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша конкурстық негізде Қазақ ұлттық өнер университетінің бакалавриаты мен магистратурасына қабылдау туралы Ережеге сәйкес іске асырылады.

3.4 ҚБТ қолданумен оқыту ақылы негізде білім алушының меншікті қаражаты есебінен өткізіледі.

#### **4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ**


4.1 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және білімін аттестаттау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4.2 Үлгерімге ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізу келесілер арқылы іске асырылады:

- Бейнеконференция арқылы онлайн режимінде оқытушы мен білім алушының тікелей тілдесуі;
- Platonus ААЖ платформасы арқылы тестілеуді өткізу;
- Интернет (ғаламтор) желісі арқылы жіберілген жазба тапсырмаларды тексеру;
- Шығармашылық жұмыстардың аудио/бейне материалдарын, сканерленген және фотобейнелерін тексеру.

4.3 Қорытынды аттестаттауды өткізу келесілер арқылы іске асырылады:

- Білім алушының оқытушымен немесе комиссиямен бейнеконференция арқылы онлайн режимінде тікелей тілдесуі;
- Platonus ААЖ платформасы арқылы тестілеуді өткізу;
- Шығармашылық жұмыстардың аудио/бейне материалдарын, сканерленген және фотобейнелерін тексеру;
- Білім алушының тікелей қатысуымен Университетте қорытынды бақылауды (емтиханды) тапсыру және/немесе білікті бітіру жұмысын қорғау кезінде.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.05.2020
	ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

## 5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

